

Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысының хаттамасы
ҚОӘББ «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін
мектебі» КММ

2025 жылғы 12 қыркүйек

Қатысқандар: Абикенова Ардак Каирбековна, Алмағанбетова Екатерина Леонидовна, Абишева Ермек Аксаровна, Стригина Юлия Борисовна, Конысбаева Джамбул Серғалиевич, Курманғалиева Айман Бекзадаевна, Макаев Нурлан Галламович, Орынбасарова Зулфия Сардарқызы, Сауытбаев Бауыржан Бакытжанович, Сапабек Дильвара Қорғанбекқызы, Галеева Аяулы Сапарғалиевна

Күн тәртібі:

Қазақстан Республикасында жаңа тамақтану стандартының күшіне енуіне байланысты қолданыстағы мектеп ас мәзіріне өзгерістер енгізу қажеттілігін қарастыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Галеева А.С. Қазақстан Республикасында жаңа тамақтану стандартының күшіне енгені туралы кеңес мүшелерін хабардар етті. Осыған байланысты кейбір білім беру ұйымдарында мектеп ас мәзірін өзгерту мәселесі қарастырылуда.

Сонымен қатар қазіргі уақытта мекемеде бұрын бекітілген, санитарлық талаптарға сай келетін, теңгерімді әрі алуан түрлі мәзір қолданылып отырғаны және білім алушылар мен ата-аналар тарапынан шағым түспегені атап өтілді.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қолданыстағы мәзірге өзгерістер енгізудің орындығын талқылады. Талқылау қорытындысы бойынша қолданыстағы мәзір барлық қажетті тамақтану нормаларын қамтамасыз ететіні және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратыны атап өтілді.

Жаңа стандарттың күшіне енгеніне қарамастан, кеңес мүшелері қазіргі уақытта өзгерістер енгізудің қажет еместігі жөнінде қорытындыға келді.

Шешім:

1. Қолданыстағы мектеп ас мәзірін 2026 жылғы қаңтар айына дейін өзгеріссіз қалдыру.
2. Қолданыстағы мәзірді талаптарға және білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес деп есептеу.
3. Қажет болған жағдайда 2026 жылғы қаңтар айынан кейін немесе ата-аналардың/әкімшіліктің/санитарлық қызметтердің бастамасы бойынша мәзірді өзгерту мәселесіне қайта оралу.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Галеева А.С.

Хатшы:  Мулдакиева И.Е.